



Қостанай облысы әкімдігінің
2023 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 532 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласының
психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 532 «Қостанай облысының кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемесін құру туралы» қаулысымен құрылды.

3. Қостанай облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

4. Қостанай облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып табылады.

5. Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – басқару органы) мемлекеттік мекемені басқару бойынша бірқатар функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік береді.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 111200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 8-ғимарат.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлері болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің қарауындағы міндеттемелері бойынша қаржы қаражатымен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде қаржы қаражаты жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні – тірек-қимыл аппараты, көру және (немесе) есту және (немесе) сөйлеу, интеллект, эмоционалдық-ерік саласы бұзылған балалардың жест тілін, Брайль әліпбиін, басқа да балама қаріптерді, қарым-қатынас және оқыту әдістерін пайдалана отырып білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту түрінде кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету болып табылады.

14. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) басқа арнайы білім беру ұйымдарына баратын балаларды қоспағанда, туғаннан 18 жасқа дейінгі психофизикалық дамуында бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

2) елді мекенде арнайы ұйымдар болмаған жағдайда, мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмекті қамтамасыз ету.

3) мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу мәселелерінде білім беру ұйымдарының педагогтеріне консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

15. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасасуға құқығы жоқ.

16. Мемлекеттік мекеменің қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған

меміле басқару органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

17. Мемлекеттік мекеме жеке, топтық және шағын топтық сабақтар нысанында жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын іске асырады.

5-тарау. Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі

18. Мемлекеттік мекемеге балаларды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы мен ұсынымдары және ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімі негізінде жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік мекеме жыл бойы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастырады.

6-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі

20. Білім беру сапасын қамтамасыз ету және жеке және сараланған тәсілді іске асыру үшін білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау жүргізіледі.

21. Балалар мемлекеттік мекемеге түскен кезде оның ерекшеліктерін, сондай-ақ пәнаралық командалық бағалау жүргізу қажеттілігін анықтау мақсатында баланы психологиялық-педагогикалық зерделеу жүргізіледі. Баланың психофизикалық дамуын пәнаралық командалық және жеке бағалау ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамытушылық оқытудың негізгі бағыттарын анықтау және психологиялық-педагогикалық көмектің тиімді әдістерін таңдау мақсатында жүргізіледі.

22. Командалық және жеке бағалау нәтижелерінің негізінде балаға көмек пен қызмет көрсету көлемі, сабақтың ұзақтығы белгіленеді, баланың жеке-дамыту бағдарламасы (бұдан әрі – ЖДБ) әзірленеді.

23. Мемлекеттік мекемеде түзету-дамыту көмегін ұйымдастыру түзету сабақтарының жоспарымен, жеке-дамыту бағдарламалары мен сабақ кестесімен реттеледі. Сабақ кестесінде түзету-дамыту сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реттілігі көрсетіледі.

24. Түзеу-дамыту көмегі мынадай нысанда ұсынылады:

1) жеке сабақтар;

- 2) шағын топ/топтық сабақтар;
- 3) қысқа мерзімді болу топтары;
- 4) мүмкіндігі шектеулі баланың отбасына психологиялық-педагогикалық кеңес беру;
- 5) әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру;
- 6) отбасылық кеңес беру.

25. Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету нысаны (жеке, шағын топтық, топтық түзету-дамыту сабақтары) баланың психофизикалық жағдайы мен мінез-құлқының ерекшеліктерімен, пәнаралық командалық бағалау мамандарының ұсыныстарымен анықталады.

26. Оқытудың мазмұны мемлекеттік мекеме басшысы бекітетін жеке-дамыту бағдарламасымен айқындалады.

27. ЖДБ пәнаралық командалық бағалау ұсыныстарының негізінде әзірленеді және баланың психофизикалық дамуының барлық аспектілерін қамтиды.

28. 0-ден 1 жасқа дейінгі балаларға бекітілген кестеге сәйкес ата-аналар үшін айына 1-2 рет консультациялық сабақтар ұйымдастырылады. Ерте жастағы балалар үшін (1-3 жас) ата-аналардың қатысуымен жеке және топтық сабақтар өткізіледі.

29. Мемлекеттік мекемеге апта сайын келу мүмкіндігі жоқ ата-аналардың сұрауы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қашықтан оқыту форматында түзете-дамыта оқыту курсы жүргізуге жол беріледі.

30. Мемлекеттік мекемеде үй-жайлар болған кезде балалардың қысқа мерзімді болу топтары, ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункттер құрылады.

31. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қысқа мерзімді топтар жағдайында оқыту және тәрбиелеу МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

32. Топтар балалардың психофизикалық даму деңгейін және мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, бір жастағы немесе әртүрлі жастағы қағидат бойынша жинақталады.

33. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау, оқыту мен тәрбиелеу жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау және олардың нормаларына сәйкес арнайы әдістер мен қазіргі заманғы оқыту технологияларын, сондай-ақ арнайы жабдықтарды қолдана отырып, балалардың психофизикалық ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

34. Топтардың толымдылығы санатқа байланысты белгіленеді және сәйкесінше балалар үшін:

- 1) есту қабілеті бұзылған: естімейтіндер үшін – 8 баладан артық емес, нашар еститіндер мен кеш естімей қалғандар үшін – 10 баладан артық емес;
- 2) көру қабілеті бұзылған: зағип және кеш соқыр болып қалғандар үшін – 8 баладан артық емес, нашар көретіндер үшін – 12 баладан артық емес;
- 3) тірек-қимыл аппараты бұзылған – 10 баладан артық емес;

- 4) сөйлеудің ауыр бұзылулары бар – 12 баладан артық емес;
- 5) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар – 10 баладан артық емес;
- 6) орташа ақыл-ой кемістігі бар – 6 баладан артық емес;
- 7) психикалық дамуы тежелген – 12 баладан артық емес;
- 8) эмоционалды-ерікті саласы бұзылған – 4 баладан артық емес;
- 9) күрделі ақаулары бар – 6 баладан артық емес.

35. Дене кемістігі және ақыл-ой кемістігі бар балалар топтарының саны (арнайы топтар) 4-6 топты құрауы мүмкін.

36. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

7-тарау. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

37. Мемлекеттік мекемеде балалардың білімін бақылау және аттестаттау жүргізілмейді.

8-тарау. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздері және тәртібі

38. Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету аяқталғаннан кейін мемлекеттік мекеме мамандарының командалық бағалауы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау және оңалту курсының нәтижелері туралы анықтама беріледі.

39. Білім алушыларды басқа арнайы білім беру ұйымдарына ауыстыру ПМПК қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

9-тарау. Ақылы қызмет ұсынудың тізбесі және тәртібі

40. Психологиялық-педагогикалық көмекті мемлекеттік мекеме тегін көрсетеді.

10-тарау. Білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарды ресімдеу тәртібі

41. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мемлекеттік мекеме мен баланың ата-анасы (заңды өкілі)

арасындағы сабақтың бір цикліне жасалатын шарт негізінде реттеледі. Балаларға көмек көрсету ұзақтығын білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

11-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

42. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды басқару органы жүзеге асырады.

43. Жергілікті атқарушы орган заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

44. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді.

45. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделмеген жағдайларды қоспағанда, басқару органымен лауазымына конкурстық негізде тағайындалады және лауазымынан босатылады.

46. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, басқару органына тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

47. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін

Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

48. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

49. Мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты жоспарларын бекітеді;
- 6) банктік шоттар ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) басқару органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және басқару органымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкін құру тәртібі

50. Мемлекеттік мекеменің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардан:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

51. Мемлекеттік мекеменің дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 161-бабының 2-тармағымен қарастырылған салалардағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

53. Мемлекеттік мекеменің қызметі облыстық бюджеттен қаржыландырылады.

54. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілікті ұсынады.

55. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизия жүргізуді жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

13-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

56. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

57. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

15-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

58. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

59. Мемлекеттік заңды тұлға заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

60. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды басқару органы жүзеге асырады.

61. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

62. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы облыстық бюджеттің кірісіне есептеледі.

16-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

63. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы _____

Т.А.Ә. (бар болса)



ҚОЛЫ

Утвержден
постановлением акимата
Костанайской области
от 11 декабря 2023 года
№ 532

Устав
коммунального государственного учреждения «Кабинет психолого-педагогической коррекции города Лисаковска» Управления образования акимата Костанайской области

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Кабинет психолого-педагогической коррекции города Лисаковска» Управления образования акимата Костанайской области (далее – государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения, для осуществления функций по оказанию психолого-педагогической помощи детям с особыми образовательными потребностями.

2. Государственное учреждение создано постановлением акимата Костанайской области от 11 декабря 2023 года № 532 «О создании некоторых коммунальных государственных учреждений образования Костанайской области».

3. Учредителем государственного учреждения является акимат Костанайской области.

4. Органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества государственного учреждения, является акимат Костанайской области.

5. Акимат Костанайской области (далее – местный исполнительный орган) уполномочивает государственное учреждение «Управление образования акимата Костанайской области (далее – орган управления) на осуществление ряда функций по управлению государственным учреждением.

6. Наименование государственного учреждения: коммунальное государственное учреждение «Кабинет психолого-педагогической коррекции города Лисаковска» Управления образования акимата Костанайской области.

7. Место нахождения государственного учреждения: 111200, Республика Казахстан, Костанайская область, город Лисаковск, микрорайон 2, здание 8.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам находящимся в его распоряжении финансовыми средствами. При недостаточности финансовых средств у государственного учреждения субсидиарную ответственность по его обязательствам несет административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственного учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

12. Предмет деятельности государственного учреждения – создание специальных условий для получения образования детьми, имеющими нарушения опорно-двигательного аппарата, зрения и (или) слуха, и (или) речи, интеллекта, эмоционально-волевой сферы, с использованием жестового языка, азбуки Брайля, других альтернативных шрифтов, методов общения и обучения.

13. Целью деятельности государственного учреждения является оказание комплексной психолого-педагогической помощи в виде психолого-педагогической коррекции и реабилитации детей с особыми образовательными потребностями.

14. Для достижения своих целей государственное учреждение осуществляет следующие виды деятельности:

1) оказание комплексной психолого-педагогической помощи детям с нарушениями в психофизическом развитии в возрасте от рождения до 18 лет, за исключением детей, посещающих другие специальные организации образования;

2) обеспечение специальной психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными возможностями в случаях отсутствия в населенном пункте специальных организаций;

3) оказание консультативной и методической помощи педагогам организаций образования в вопросах обучения, развития и воспитания детей с ограниченными возможностями.

15. Государственное учреждение не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

16. Сделка, совершенная государственным учреждением в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции его руководителя, может быть признана недействительной по иску органа управления либо прокурора.

Глава 4. Перечень реализуемых образовательных программ

17. Государственное учреждение, реализует индивидуально развивающие и коррекционно-развивающие программы в форме индивидуальных, групповых и подгрупповых занятий.

Глава 5. Порядок приема в государственное учреждение

18. Прием детей в государственное учреждение осуществляется на основании заключения и рекомендаций психолого-медико-педагогической консультации (далее – ПМПК) и с согласия родителей (законных представителей).

19. Государственное учреждение организует оказание психолого-педагогической помощи в течение года.

Глава 6. Порядок организации образовательного процесса (в том числе язык (языки) обучения и воспитания, режим занятий обучающихся, воспитанников)

20. Для обеспечения качества образования и реализации индивидуального и дифференцированного подхода проводится оценка особых образовательных потребностей обучающихся.

21. При поступлении детей в государственное учреждение проводится психолого-педагогическое изучение ребенка с целью выявления его особенностей, а также необходимости проведения междисциплинарной командной оценки. Междисциплинарная командная и индивидуальная оценка психофизического развития ребенка проводится с целью определения особых образовательных потребностей, основных направлений коррекционно-развивающей программы и выбора эффективных методов специальной психолого-педагогической поддержки.

22. На основе результатов командной и индивидуальной оценки определяется объем помощи и услуг ребенку, продолжительность занятия, разрабатывается индивидуально развивающая программа (далее – ИРП).

ігінің
андағы

23. Организация коррекционно-развивающей помощи в государственном учреждении регламентируется планом коррекционных занятий, индивидуально развивающими программами и расписанием занятий. В расписании занятий указываются ежедневное количество, продолжительность и последовательность коррекционно-развивающих занятий.

асының
ыдык

24. Коррекционно-развивающая помощь предоставляется в форме:

- 1) индивидуальных занятий;
- 2) подгрупповых/групповых занятий;
- 3) групп кратковременного пребывания;
- 4) психолого-педагогического консультирования семьи ребенка с ограниченными возможностями;
- 5) консультирования по социально-правовым вопросам;
- 6) семейного консультирования.

каласының
емлекеттік
кетіліктері
бойынша
нысанында
ым болып

25. Форма предоставления психолого-педагогической помощи определяется особенностями психофизического состояния и развития ребенка, рекомендациями специалистов междисциплинарной комплексной оценки.

2023 жылғы
ммуналдық
ды.
ылтайшысы

26. Содержание обучения определяется ИРП, утверждаемой руководителем государственного учреждения.

27. ИРП разрабатывается на основе рекомендаций междисциплинарной комплексной оценки и охватывает все стороны психофизического развития ребенка.

іне қатысты
былады.
ушы орган)
мекемесіне
па бірқатар

28. Детям от 0 до 1 года организуются консультативные занятия для родителей 1-2 раза в месяц в соответствии с утвержденным расписанием. Для старшего возраста (1-3 года) проводятся индивидуальные и групповые занятия с участием родителей.

мдігі білім
лық түзету

29. Курс коррекционно-развивающей помощи для детей с ограниченными возможностями в дистанционном формате проводится по приглашению родителей, не имеющих возможность еженедельного посещения государственного учреждения.

Казакстан
-ғимарат.

30. При наличии помещений в государственном учреждении создаются группы кратковременного пребывания детей, консультационные пункты для родителей (законных представителей).

31. Обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями в группах кратковременного пребывания осуществляется в соответствии с государственным общеобязательным стандартом обучения, типовыми

ликасының
ликасының

учебными планами и типовыми учебными программами дошкольного воспитания и обучения.

32. Группы комплектуются по одновозрастному или разновозрастному принципу с учетом уровня психофизического развития детей и особенностей поведения.

33. Специальная психолого-педагогическая поддержка, обучение и воспитание осуществляется с учетом психофизических особенностей детей с применением специальных методов и современных технологий обучения, а также специального оборудования в соответствии с нормами оснащения оборудованием и мебелью.

34. Наполняемость групп устанавливается в зависимости от категории и составляет соответственно для детей:

1) с нарушениями слуха: для не слышащих – не более 8 детей, для слабослышащих и позднооглохших – не более 10 детей;

2) с нарушениями зрения: для незрячих и поздноослепших – не более 8 детей, для слабовидящих – не более 12 детей;

3) с нарушением опорно-двигательного аппарата – не более 10 детей;

4) с тяжелыми нарушениями речи – не более 12 детей;

5) с легкой умственной отсталостью – не более 10 детей;

6) с умеренной умственной отсталостью – не более 6 детей;

7) с задержкой психического развития – не более 12 детей;

8) с расстройствами эмоционально – волевой сферы – не более 4 детей;

9) со сложными дефектами – не более 6 детей.

35. Численность групп детей с физическими недостатками и умственной отсталостью (спецгруппы) может составлять 4-6 групп.

36. Обучение ведется на казахском и русском языках.

Глава 7. Система текущего контроля знаний, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся, формы и порядок их проведения

37. В государственном учреждении контроль знаний и аттестация детей не проводится.

Глава 8. Основания и порядок отчисления обучающихся, воспитанников

38. После завершения оказания психолого-педагогической помощи выдается справка о результатах курса психолого-медико-педагогической поддержки и реабилитации детей с особыми образовательными потребностями на основании командной оценки специалистов государственного учреждения.

39. Перевод обучающихся в другие специальные организации образования осуществляется с согласия родителей (законных представителей) на основании заключения и рекомендаций ПМПК.

Глава 9. Перечень и порядок предоставления платных услуг

40. Психолого-педагогическая помощь оказывается государственным учреждением бесплатно.

Глава 10. Порядок оформления отношений с обучающимися, воспитанниками и (или) их родителями и иными законными представителями

41. Предоставление специальной психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными возможностями регулируется на основании договора между государственным учреждением и родителем ребенка (законным представителем), который заключается на один цикл занятий. Продолжительность оказания помощи детям устанавливается уполномоченным органом в области образования.

Глава 11. Управление государственным учреждением

42. Общее управление государственным учреждением осуществляет орган управления.

43. Местный исполнительный орган в установленном законодательством порядке осуществляет следующие функции:

- 1) закрепляет за государственным учреждением имущество;
- 2) утверждает устав государственного учреждения, вносит в него изменения и дополнения;
- 3) принимает решение о реорганизации и ликвидации государственного учреждения;
- 4) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

44. Орган управления в установленном законодательством порядке осуществляет следующие функции:

- 1) утверждает план финансирования государственного учреждения;
- 2) осуществляет контроль за сохранностью имущества государственного учреждения;

3) определяет структуру, порядок формирования и срок полномочий органов управления государственного учреждения, порядок принятия государственным учреждением решений;

4) определяет права, обязанности и ответственность руководителя государственного учреждения, основания освобождения его от занимаемой должности;

5) утверждает структуру и предельную штатную численность государственного учреждения;

6) по представлению руководителя государственного учреждения назначает на должность и освобождает от должности его заместителя (заместителей);

7) утверждает годовую финансовую отчетность;

8) дает письменное согласие уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного государственному учреждению или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности.

45. Руководитель государственного учреждения назначается на должность и освобождается от должности органом управления на конкурсной основе, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

46. Руководитель государственного учреждения организует и руководит работой государственного учреждения, непосредственно подчиняется органу управления и несет персональную ответственность за выполнение возложенных на государственное учреждение задач и осуществление им своих функций.

47. Руководитель государственного учреждения действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности государственного учреждения в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

48. Действия руководителя государственного учреждения, направленные на осуществление государственным учреждением неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

49. Руководитель государственного учреждения в установленном законодательством Республики Казахстан порядке:

1) без доверенности действует от имени государственного учреждения;

2) представляет интересы государственного учреждения в государственных органах, иных организациях;

3) заключает договоры;

4) выдает доверенности;

5) утверждает планы государственного учреждения по командировкам, стажировкам, обучению сотрудников в казахстанских и зарубежных учебных центрах и иным видам повышения квалификации сотрудников;

6) открывает банковские счета;

7) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников;

8) принимает на работу и увольняет с работы сотрудников государственного учреждения, кроме сотрудников, назначаемых органом управления;

9) применяет меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на сотрудников государственного учреждения, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

10) определяет обязанности и круг полномочий своего заместителя (заместителей) и иных руководящих сотрудников государственного учреждения;

11) осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом и органом управления.

Глава 12. Порядок образования имущества государственного учреждения

50. Имущество государственного учреждения составляют активы юридического лица, стоимость которых отражается на его балансе. Имущество государственного учреждения формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

51. Государственное учреждение не вправе самостоятельно отчуждать и иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ему по смете.

52. Если законами Республики Казахстан государственному учреждению предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, подлежат зачислению в соответствующий бюджет, за исключением денег от реализации товаров (работ, услуг), производимых государственными учреждениями в сферах, предусмотренных пунктом 2 статьи 161 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе».

53. Деятельность государственного учреждения финансируется из средств областного бюджета.

54. Государственное учреждение ведет бухгалтерский учет и представляет отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

55. Проверка и ревизия финансово-хозяйственной деятельности государственного учреждения осуществляется местным исполнительным органом в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

Глава 13. Режим работы в государственном учреждении

56. Режим работы государственного учреждения устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

Глава 14. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы

57. Внесение изменений и дополнений в учредительные документы государственного учреждения производится по решению местного исполнительного органа и проходят процедуру государственной регистрации в территориальных органах юстиции в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств».

Глава 15. Условия реорганизации и ликвидации государственного учреждения

58. Реорганизация и ликвидация государственного учреждения производится по решению местного исполнительного органа.

59. Государственное юридическое лицо ликвидируется также по другим основаниям, предусмотренным законодательными актами.

60. Реорганизацию и ликвидацию коммунального государственного учреждения осуществляет орган управления.

61. Имущество ликвидированного государственного юридического лица, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется местным исполнительным органом.

62. Деньги ликвидированного государственного учреждения, включая средства, полученные в результате реализации имущества этого юридического лица, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход областного бюджета.

Глава 16. Сведения о филиалах и представительствах государственного учреждения

63. Государственное учреждение не имеет филиалов и представительств.

Руководитель _____

Ф.И.О. (при его наличии)

Солжид

подпись